

**М. Б. Бектұраанов, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Ө. А. Тұраанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы**  
**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ТОНАУ ҚЫЛМЫСЫН АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарына, өмір сүруіне, өзінің жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Қандай да заман болмасын, бірінші кезекте қуатты заңға арқа сүйенеуіміз керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 178-бабында «Тонау, яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау» деп көрсетілген<sup>1</sup>. Тонау — бұл бөтен мүлікті ашық ұрлау. Тонаудың тікелей объектісіменшік болып табылады. Заңи әдебиетте егер тонау жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан болса, онда тұлғасы, оның тәндік амандығы (дұрысы осы, бірақ көбіне «денесіне қол сұғылмастығы» деп те айтады) мен бостандығы бойынша объекті деген көзқарас айтылған<sup>2</sup>. Мұндай көзқараспен онша келісе қоюға болмайтын сияқты. Өйткені, жәбірленуші тұлғасы — қылмыстық құқық теориясына сәйкес еш уақытта қосымша объект ретінде қарастыруға жатпайтын тектік объект, ал қосымша объект ретінде тек тонаудың тікелей объектісінің бірі ғана бола алатындықтан, тонау кезіндегі жәбірленушіге ықпал ету әдісі ретіндегі күш қолдану жәбірленушінің бостандығына емес, денсаулығына қауіп төндіреді<sup>3</sup>. Сөйтіп, қосымша объекті ретінде (күш көрсетіп тонауды) жәбірленушінің денсаулығы болып түсуі мүмкін.

ҚР Жоғары Сотының 2003 жылғы 11-шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысының 23-тармағы, кінәлінің ұрлаған затын өзінде сақтап қалу мақсатында жәбірленушіге күш көрсетумен басталған ұрлық ретіндегі жасаған әрекеті күш қолдануының сипатына қарай тонау немесе қарақшылық ретінде саралануы тиіс, деп түсіндерме береді. егер мүлікті иелену үшін тонаудың ашық әдісі кезінде кінәлі адам күш көрсетпей-ақ күш қолданатын (тартып қалу, итеріп жіберу және басқа) болса, онда оның әрекеті ҚР ҚК-дегі 178-бабының 1-тармағында қарастырылған белгілері жатады. Мысалы, «Бақытгүл» мейрамханасының жанында өтіп бара жатқан азаматша Ж.-ның қолындағы, ішінде ақшасы мен заттар бар сөмкесін жұлып ала

қашып, жалпы құны 7000 мың теңге залал келтірген Ш.-ның әрекеті ҚР ҚК 178-бабының 1-бөлігімен дұрыс сараланады<sup>4</sup>.

ҚР ҚК-дегі 15-бабының 2-тармағына сәйкес, тонау субъектісі — он төрт жасқа толған, есі дұрыс жеке адам. ҚР ҚК 178-бабының 2-бөлігінде қарастырылған тонаудың саралаушы белгілері: а) жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы; ә) бірнеше рет; б) адамдар тобының алады ала сөз байласуы бойынша; в) тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау болып табылады.

Күш көрсету сияқты бостандығынан айыру мен шектеу, байлап тастау, ұстап тұру сияқты әрекеттерде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті емес деп саралануы тиіс. Сөйтіп, бөтен мүлікті ашықтан-ашық алып қою кезіндегі қолданылатын күш көрсетудің сипаты, белсенділігі мен дәрежесі жаласқан әрекетті дұрыс саралау тікелей осыған байланысты болатындықтан тергеудің бастапқы кезеңінде анықталуы керек.

Тонаудың ерекше саралау белгілеріне (ҚР ҚК-дегі 178-бабының 3-тармағы) заң шығарушы мыналарды жатқызады:

- а) ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 178-бабының 3-бөлігі);
- ә) ірі мөлшерде;
- б) ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған тонау.

Жалпы айтып, қорыта келгенде, тонауды алдын алу үшін:

– біріншіден, бұл қылмыстарға қолданылатын заңдарды күшейту керек, яғни, қайтадан қарастырып, саралап, толықтылулар мен өзгертулер енгізу. Оның ішінде ҚР ҚК 178 бабының 2 бөліміне:

1. әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни жеккөру немесе араздық тұрғысында;
2. денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіретін;
3. өлтіремін деп қорқытумен ұштасса, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалса;
4. кінәлі адам жүкті әйелге қатысты тонау жасаса немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты болса;
5. алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен
6. екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалса.

ҚР ҚК-дегі 178-бабының 3-тармағына:

1. адам өліміне әкелетін болса;
2. абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса.

– екіншіден, ішкі істер органдарының қызметкерлері тонауды алдын алу үшін бұзақылықпен, суық қаруды жасау және өзімен бірге алып жүру қылмыстарымен белсенді күресін дұрыс жолға қойып, тиімді жүргізуін және жұмысын күшейту тиіс;

– үшіншіден, Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі істер бөлімдеріндегі криминалистік-техникаларды жаңарту, қала көшелерін, қылмыстар жиі болатын жерлерге бейнетаспаларды орнату, жедел-іздістіру және арнайы бағдарламаларды жаңарту.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 жылғы 16 шілде.

<sup>2</sup> Көрсет. еңбек. 33-34-бб.

<sup>3</sup> ҚР Сотының, ҚР (2003-жылғы 11-шілдедегі). «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы.

<sup>4</sup> ҚР Сотының, ҚР (2003 жылғы 11-шілдедегі). «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы.